

**"Қазақстан қор биржасы" АҚ
акционерлерінің сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылданатын,
кезектен тыс жалпы жиналысы өтетіні туралы хабарлама**

Құрметті "Қазақстан қор биржасы" АҚ акционерлері,

"Қазақстан қор биржасы" АҚ акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Биржа) атқарушы органының (Басқарма) орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050040, Алматы қ., Байзақов көш, 280, "Almaty Towers" Көпфункционалы кешенінің Солтүстік мұнарасы, 8^{ші} қабат, өз акционерлеріне, Биржаның Директорлар кеңесінің (2021 жылдың 31 мамырындағы отырысының №18 хаттамасы) шешіміне сәйкес, биржа акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы (бұдан әрі – жиналыс) болып өтетіні туралы хабарлайды.

Биржа акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы акционерлердің жалпы жиналысын (әрі қарай – Жиналыс) өткізбей, Биржа акционерлерінің **сырттай дауыс беруі арқылы** өткізіледі.

Биржаның Директорлар кеңесінің шешімімен қалыптастырылған, Жиналыстың күн тәртібі

1. Биржа акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту туралы.
2. Биржаның 2020 жылғы қызметі туралы.
3. Биржаның 2020 жылға қаржылық есептілігін бекіту туралы.
4. Биржаның 2020 жылға таза табысын бөлу тәртібін бекіту туралы.
5. Биржаның 2021 жылға жылдық қаржылық есептілігіне аудит жүргізу мақсатында аудиторлық ұйымды анықтау туралы.
6. Акционерлердің Биржаның және олардың лауазымды тұлғалараның іс-әрекетіне жүгінулері, сондай-ақ оларды қарастыру қорытындысы туралы.
7. Биржаның Директорлар кеңесінің мүшелеріне және Биржа Басқармасына сыйақы көлемі мен құрамы туралы ақпарат туралы.
8. Директорлар кеңесінің мүшелерін 2020 жылға сыйақы беру туралы.
9. Директорлар кеңесінің мүшелерінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау туралы, Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы."

Акционерлік қоғамдар туралы заңының 43 бабы 6 тармағына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының шешімін қабылдау кезінде акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі өзгеруі және (немесе) толықтырылуы мүмкін емес.

Жиналысқа қатысуға құқылы Биржа акционерлердің тізімі 2021 жылдың 29 сәуіріндегі жағдайы бойынша Биржа акцияларын ұстаушылардың тізілім жүйесі мәліметтері негізінде құрастырылады.

Бюллетеньдерді ұсынуды бастау күні – **2021 жылдың 30 сәуірі**.

Сырттай дауыс беру қорытындысын есептеу үшін бюллетеньдерді ұсынудың аяқталу күні – **2021 жылдың 30 мамыры**.

Сырттай дауыс беру қорытындысын есептеу күні – **2021 жылдың 31 мамыры**.

Жиналыста дауыс беру қорытындысын шығару үшін Биржаның акционерлерінен **2021 жылдың 30 мамыры** сағат 18:00-ге дейін (Нұр-Сұлтан қаласы уақытымен) алынған сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдер ескерілетін болады.

Қоғам акционерлерін акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі мәселелері бойынша материалдарымен таныстыру тәртібі

Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі бойынша сұрақтары бойынша материалдар мен дауыс беру бюллетендері акционерлер үшін акционерлердің жалпы жиналысын өткізгенге дейін отыз күн бұрын, одан кешіктірмей, Биржа Басқармасының орналасқан мекен-жайында қол жетімді болады, сондай-ақ Биржа акционерлерінің тізіміне енгізілген тұлғаларға электронды түрде жіберіледі.

Биржа акционерлерінің сырттай дауыс беруге қатысты қосымша ақпаратпен 8 (727) 237 53 43 телефонына хабарласуға болады.

Қоғам акционерлерінің назарына

Аталмыш жиналыстың күн тәртібіндегі мәселелердің бірі Биржаның Директорлар кеңесінің бір мүшесін, тәуелсіз директорын сайлау болып табылатындығына байланысты, акционерлерден **2021 жылдың 23 сәуірінен кешіктірмей**, Биржаға Директорлар кеңесінің мүшесін, тәуелсіз директорын сайлау үшін Биржа акционерлері ұсынған үміткерлерді дауыс беру бюллетеніне қосу мақсатында үміткерлерін ұсынуды сұраймыз.

Қазақстан Республикасының "Акционерлік қоғамдар туралы" Заңының 44 бабы 2 тармағына сәйкес, Биржалық кеңестің мүшесі лауазымына ұсынылатын кандидатура туралы ақпаратқа кіреді:

- 1) тегі, аты, қалауы бойынша – әкесінің аты;
- 2) білімі туралы мәлімет;
- 3) биржаға үлестес тұлға екендігі туралы мәлімет;
- 4) соңғы үш жылдағы жұмыс орындары мен лауазымдары туралы мәлімет;
- 5) кандидаттың біліктілігін, жұмыс тәжірибесін растайтын, өзге де ақпараттар.

Директорлар кеңесінің мүшелігі лауазымына үміткерді ұсыну туралы ақпаратта ұсынылған үміткердің тәуелсіз директорға ұсынылатын үміткер екендігі көрсетілген ақпарат болуы тиіс.

Егер Директорлар кеңесінің мүшесі қоғамның акционері болып табылмайтын және Директорлар кеңесіне акционер өкілі ретінде сайлауға ұсынылмаған (ұсынылған), акционері немесе жеке тұлғасы болып табылатын жағдайда, онда осы мәліметтер сондай-ақ қоғам акционерлердің тізімін құрастыру күнінде қоғамның дауыс беруші акцияларына акционерлердің ие болу үлесі туралы мәліметтерін қоса көрсетуге жатады.

Директорлар кеңесінің мүшесіне үміткерлер – Биржаның тәуелсіз директоры лауазымына акционерлер ұсынатын үміткерлер, Қазақстан Республикасының "Бағалы қағаздар нарығы туралы" Заңының 54 бабында белгіленген, жетекші қызметкерлерге сондай-ақ Қазақстан Республикасының "Акционерлік қоғам туралы" Заңының 1 бабы 20) тармақшасының талаптарына сай болуы тиіс.

Директорлар кеңесінің мүшесіне, тәуелсіз директоры лауазымына үміткер туралы ақпарат көрсетілген хаты 2021 жылдың 23 сәуірінен кешіктірмей, мына мекен-жайға жіберуі қажет: Қазақстан Республикасы, 050040, Алматы қ, Байзақов көшесі, 280, "Almaty Towers" көп салалы кешенінің Солтүстік ғимараты, 8 -ші қабат.

Дауыс беру тәртібі

Биржа акционерлерінің сырттай дауыс беру тәртібі Қазақстан Республикасының "Акционерлік қоғамдар туралы" Заңының 49 бабына сәйкес жүргізіледі.

Биржа акционерлерін келесі сырттай дауыс беруді жүргізу және сырттай дауыс беруге арналған процедура тәртібімен танысуға шақырамын.

1. Биржаның акционерлерінің жалпы жиналасын өткізбей, сырттай дауыс беру арқылы жалпы жиналысына қатысу сырттай дауыс беру үшін бюллетеньді толтыру арқылы жүзеге асырылады.
2. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселе бойынша дауыс беру алдында бюллетендегі акционер және оның жеке мәліметтері туралы барлық жолды сырттай дауыс беру үшін толтыру қажет .

Жеке тұлға – акционердің жеке мәліметтері, оның жеке тұлғасын куәландыратын құжаттағы мәліметтер бойынша, сондай-ақ оның жеке тұлғасын куәландыратын құжаттың деректемелері, Биржаның акцияларын ұстаушылар тізілімі жүйесіндегі мәліметтер негізінде құрастырылған акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқылы акционерлердің тізімінде көрсетілген және сырттай дауыс беру үшін арналған жеке тұлға – акционермен толтырылған, жеке тұлға – акционердің (немесе оның өкілінің) жеке тұлғасын куәландыратын мәліметтермен сәйкес болуы тиіс.

Заңды тұлға – акционердің мәліметтері, оның құрылтайшылық құжаттарындағы мәліметтер бойынша, сондай-ақ Биржаның акцияларын ұстаушылар тізілімі жүйесіндегі мәліметтер негізінде құрастырылған акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқылы акционерлердің тізімінде көрсетілген және сырттай дауыс беру үшін арналған заңды тұлға – акционермен толтырылған, заңды тұлға – акционердің мәліметтермен сәйкес болуы тиіс.

Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньнің мәліметтері сәйкес болмаған жағдайда, бұл бюллетень жарамсыз деп саналады, егер сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньмен бірге акционер (немесе оның өкілі) "Орталық бағалы қағаздар депозитарий" АҚ ұстаушылар тізілімі жүйесінде көрсетілген мәліметтердің/ деректемелердің өзгергенін растайтын құжаттарды қосып бермесе (құжаттың түпнұсқасы немесе нотариусен расталған көшірмесі).

3. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге жеке тұлға – акционер (жеке тұлға – акционердің өкілі) осы адамның жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтерді көрсете отырып қол қоюға тиіс.

Заңды тұлға – акционердің сырттай дауыс беруіне арналған бюллетенге оның басшысы (заңды тұлға – акционердің өкілі) қол қоюға тиіс.

Акционердің өкілі сырттай дауыс беру үшін бюллетеньге қол қойған жағдайда, сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге акционер өкілінің өкілеттілігін растайтын сенімхаттың немесе өзге құжаттың көшірмесі қоса беріледі.

Жеке тұлға – акционердің не заңды тұлға – акционер басшысының немесе жеке тұлға – акционер өкілінің не заңды тұлға – акционер өкілінің қолы қойылмаған бюллетень жарамсыз деп есептеледі.

Дауыстарды санау кезінде бюллетеньде анықталған дауыс беру тәртібі сақтаған акционердің (акционер өкілінің) дауысы есептеледі және дауыс беруде тек бір ғана мүмкін нұсқасы белгіленеді.

4. Сырттай дауыс беру бюллетеніне акционерлер қосып беру керек:
 - 1) жеке тұлға – акционерлер: акционердің жеке тұлғасын куәландыратын, құжаттың көшірмесі; бюллетеньге оның өкілі қол қойған жағдайда: акционердің және оның өкілінің жеке тұлғасын куәландыратын, құжаттардың көшірмесі және өкілдің қол қоюға құқығын растайтын құжаттың көшірмесі;
 - 2) заңды тұлға – акционері: заңды тұлға – акционердің уәкілетті органының оны жетекші болып тағайындауы/сайлауы туралы шешімінің көшірмесі; заңды тұлға – акционердің жеке тұлғасын растайтын құжаттың көшірмесі;

- 3) бюллетеньге заңды тұлға – акционерінің өкілі қол қойған жағдайда: жоғарыда аталған құжаттарға қоса акционердің өкілінің жеке тұлғасын растайтын құжаттың және өкілдің қол қоюға құқығын растайтын құжаттың көшірмесі.
5. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерді қабылдау Бижаның атқарушы органының нақты орналасқан жерінде жүзеге асырылады: Қазақстан Республикасы, 050040, Алматы қ., Байзақов көш., 280, "Almaty Towers" Көпфункционалы кешеннің Солтүстік мұнарасы, 8^й қабат.

Сырттай дауыс берудің қорытындысы акционерлердің назарына олардың қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде жариялану арқылы және Биржа Жарғысының 21 бабында анықталған тәртіппен, акционерлердің жалпы жиналысын жапқан соң он бес күнтізбелік күн ішінде акционерлердің назарына ұсынылады.

Сырттай дауыс беру арқылы өтетін акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізудің Қазақстан Республикасының заң актілерінің нормалары.

Акционерлердің жалпы жиналысы Қазақстан Республикасының "Акционерлік қоғамдар туралы" Заңының 41 бабы 5 тармақшасы, 43 бабы 6 тармақшасы, 45 бабы 2 және 4 тармақшасы, 49 бабы, 51 және 52 бабына сәйкес өткізіледі.

**"Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің
мүшесі лауазымына үміткер туралы**

МӘЛІМЕТ¹

"Акционерлік қоғамдар туралы" заңының 44 бабы 2 тармағына сәйкес Директорлар кеңесінің мүшесі лауазымына үміткер туралы ақпарат:

- 1) аты-жөні, тегі, әкесінің аты (болған жағдайда);
- 2) білімі туралы ақпарат;
- 3) қоғамға тиістілігі туралы мәлімет/ оның жоқ екендігін растау;
- 4) соңғы үш жылдағы жұмыс орны мен атқаратын лауазымы туралы мәлімет;
- 5) үміткердің біліктілігін, жұмыс тәжірибесін растайтын басқа да ақпарат.

Директорлар кеңесінің мүшесі лауазымына үміткер туралы ақпаратқа Директорлар кеңесінің мүшесіне ұсынылған үміткер қандай акционердің өкілі болып табылатыны, немесе үміткердің тәуелсіз директор лауазымына үміткер болып табылатындығы туралы мәліметті қоса беруі тиіс.

Егер, Директорлар кеңесінің мүшесі лауазымына үміткер акционер немесе акционер өкілі ретінде Директорлар кеңесіне сайлауға ұсынылмаған () қоғамның акционері емес, жеке тұлға болып табылатын болса, онда ол мәліметтер сондай-ақ акционерлердің тізімін қалыптастыру күніне қоғамның дауыс беретін акцияларына акционердің меншігі туралы мәліметтерді қоса отырып, көрсетуге жатады.

_____ аты-жөні, тегі, әкесінің аты (болған жағдайда)

_____ қолы

20__ жылдың "___" _____.

¹ Басшылық қызметкерлердің тағайындауға (сайлауға) келісім беруге арналған формасы пайдалануы мүмкін.